



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Үкіметке тапсырма беріп, «Нұрлы көш» бағдарламасының екінші кезеңін жасауды тапсырамын» дегенді айтқан еді.

Түркістан қаласында өткен дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз қазақ халқы – мемлекеттің негізін құрушы, оның тағдырына жауап беруші, ішіміздегі өзге ұлт өкілдеріне өнеге көрсетіп, барлық істе бастамашы болуға тиісті ұйтқы халықпыз. Сондықтан үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсете білген жөн» деген еді.

«Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асыру барысында кездескен қиындықтардың бірі, ол оралмандарды жұмыспен қамту болатын, бұл жағдайларды түзеу үшін оралманды жұмыспен қамту «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы арқылы жүзеге асыру тиімді шешімін тауып отыр.

«Нұрлы көш» бағдарламасының арқасында атқарылған жұмыстар өте ауқымды. Оралмандарды баспанамен, жұмыспен қамту оларды елге сіңіру мақсатында атқарылған бұл бағдарламаның тарихи маңызы жоғары деп білемін.

Еліміз тәуелсіздік алғанда өзге мемлекеттерде жүрген қандастарымыздың қуанып, өмірге деген сенімдерінің артқаны анық, сол қандастарымызды елге шақырып орналастыру біздің негізгі міндетіміз болып табылады. Сол себепті, «Нұрлы көш» бағдарламасының маңызы зор, қазырғы әлемдік ахуал кезеңінде сәл саябырсып тұрған «Нұрлы көш»бағдарламасы болашақта өз мақсатына жетіп, ұлтты мұратына жеткізеді деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә.Сындарлы он жыл. – Алматы:Атамұра, 2003. 240 б.
2. Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында / Н. Ә. Назарбаев; жауапты шығ. Б.Мұхамеджанов. – Алматы : Жібек жолы, 2010. 260 б.
3. Елбасы Н.Назарбаев Түркістанда 2002 жылғы 23 қарашада өткен Дүниежүзі қазақтарының II форумында сөйлеген сөзі//<http://www.turkystan.kz>
4. Бақытбек Р.Ассимиляция құрсауында қалу – қауіпті// <http://www.abai.kz>
5. Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы.
6. Байменов А. Оралмандарды еңбекпен қамту және дағдыландыру мәселелері// <http://www.akzhol.kz>

ӘОЖ 930.85

ОТАН ТАРИХЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОЙ-ТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ

Шабамбаева Анара

shabambaeva.anar@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

тарих факультеті 1 курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ә. Қара

Адамзат өркениетінде рухани және материалдық мәдениеттің оқшау, қайталанбайтын нақыштарын салған түркілердің бай тарихи өткенін пайымдасақ, «Мәңгілік Ел» болу мұраты да, жік-жікке бөлініп, жатжұрттықтардың боданына түскен кезеңдері де жетерлік, алайда тарихи зердесі мен өзгеден айыраар хас белгісі - ділін, бірегей Сөз өнері түрінде руханиятында сақтаған халық ретінде тани аламыз. Халқының тарихи өресінің биіктігін, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде терең жан-жақты зерделеген [1, 31 б.].

Еліміз тәуелсіздігіне ие болған аз ғана мерзім аралығында ұлттық тарихты, Отан тарихын оқытудың тұжырымдамалары мен зерттеу бағыттарын қалыптастыру барысында іргелі шараларды жүзеге асырды.

Ұлы дала өркениетінің қойнауында мәңгі өшпестей болып сақталған ұлт зиялыларының ой-танымдық мұралары уақыт өткен сайын биіктей түсуде. Осындай аласапыран заманның саяси тарихында өзіндік із қалдырған дана билеріміздің бірі – дуалы ауызды шешен, кемеңгер ақылды, саясаткер Машан бидің өз заманында қазақ еліндегі жер дауы, ел дауы және саяси қарым-қатынастарда атқарған рөлі мен дана ақылы, кемеңгерлігі қазіргі таңдағы азаматтарға үлгі - өнеге болуы тиіс. Ғылыми ойымызды сараламастан бұрын Машан би кім? Тарихтағы орны қандай? - деген сауалымызға жауап берейік.

Шығыс пенен Батысқа, Ұстаздық еткен данасы.

Есімінді паш етсем, оянар халық санасы.

Рухымыздың дәруі, аруақты бабасы - деп айтқан жыр жолдарының авторы, Орта Азия мен Қазақстандағы Фарабитанудың көшбастаушысы, бас ұйтқысы, кен инженері, геология салаларынан алғаш қазақ тілінде оқулықтар жазған, қазақ ғылыми-фантастикалық шығармаларының негізін салушы, әл-Фараби мұрасынан Абай болмысының рухани сабақтастығын ғылыми-ислами тұрғыда дәлелдеген мәшһүр ғалым, есімі әлемге әйгілі, Ғылым Академиясының негізін қалаушыларының бірі емес, бірегейі, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың есімі де бар болмысы да осы Машан би арқылы қалыптасқан десек артық айтпаған болармыз.

I. Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масан би деп, бір әрпі ғана өзгертіліп, ерекше ілтипатпен аталатын Машан би - Құнанбай қажымен үзеңгілес, сыйласып өткен замандасы, бұған қоса құдандалы-жекжаттығы да болған. Қарқаралыда мешіт салдырған жылы Құнанбай қажы Машан бидің үйінде ерулеп жатады екен. Қарқаралы дуанының игі жақсылары - аға сұлтан Құсбек пен Жамантай төреге дейін әділ де, белді би Машанды ішке тарта өзімсініп, ілтипатпен Машекем деп, өсер ұрпағына үлгі-өнеге етіп, қадір тұтқан. Машан би дүние салғанын естігенде Жамантай төренің: «Машан, Машандай ұл туғанша кашан» деп күңіренгені де, үзеңгілесін еске алған кездерде де осы сөзін әркез жиі қайталағандығынан болар, бүгінде ол ел аузындағы қанатты нақылға айналып кеткендігін тарихтың өзі растайды.

Сөйтіп, күні кеше ғана бір ауыл түгіл бүтін елге қамқор болған Машан би дана да, абыз қарт көз жұмғалы одан қалған әр сөзді өнеге-үлгі етіп, атын әулиеге балап, рухына сиынар аруаққа балап, көңілге медеу тұтар ағайындары Машан әулетіндегі туманы асылдың сынығына, тұлпардың тұяғына балауы осыдан. «Машан айтқан екен» деген сөз ел арасында көп болатын. Оны білетін адамдар бұл күнде некен саяқ. «Ұлың өссе ұлықтымен ауыл бол, Қызың өссе қылықтымен ауыл бол...» деген мақалдарды жиі айтып, өнегелі тәлімін ұстанған екен Машан би. Айту ғана емес, сол тәрбиелік тәлім-тәртіп істерін алдымен жүргізуші, жүзеге асырушы Машан бидің өзі болған. Бір күні Машан би ауылына оның әкесімен туысқан Өстемір қарт келіп: - Сөйлесетін кім бар! - дейді. Сонда бір жігіт: - Немене! - деп өзеуреп алдынан шыға келеді. Өстемір ол жігітті қамшымен тартып жібереді. Ол жүгіріп Машанға келіп, болған жағдайды айтып шағынады. Сонда Машан би жігітке: Адамға алдымен әдеп керек. Сырттан келген үлкен адамды «Немене» - деп қарсы алу әдепсіздік. «Әу» деп, немесе «Ләббай», «Салам» деп немесе «хош келдіңіз» деп қабылдау керек деп түсіндіреді. Өстемірді Машан би өзі шығып қарсы алып, атынан түсіреді. Адал еңбек байлық көзі екенін білетін Машан би былай депті: «Кедейлік керліктен, байлық ерліктен», «Жомарттың көзі Бұхараның ғажайып ақ нарындай, бабын тауып сауған сайын күніне қырық иеді. Ол мәңгілік азығың. Сойсаң ол бір қыстық қана соғымың» - деген ұлағатты сөздері ұрпақ ұлағаттығына тағлым болары анық.

Жоғарыдағы айтылған ойымызды сабақтар болсақ: ғұлама ғалым Ақжан әл-Машани өзінің туған жері Қарқаралыға барған бір сапарында айтулы азамат, Мәжіліс депутаты,

кезінде Қарағанды облысының партия хатшысы қызметінде болған Қуаныш Сұлтановты Қарқаралыға ертіп барып, айтылған мешіттің түзетілуіне көмек сұрайды және ол ұсыныс орындалады. Қарқаралы мешітінің ашылуына байланысты Ақжан әл-Машани мешітке хат жазып, өзінің бір қол жазба кітабын сиға жібереді. Бұл еңбегі ол кісінің 1984 жылы Арабша жазылған ислам дінінің ғылыми шындық негізіне арналған. Дінге жол бермейтін заманда кейінгі ұрпаққа арналған еңбек. Аты «Ғабдолла дәптері». Осымен байланысты жазған өз хатында: бабасы Машанның Құнанбаймен бірге жүріп Қарқаралы мешітін салуға белсене қатысқаны айтылған. Оның мәнісі мынада: Қарқаралының ол кезде 22 болыс елдің орталығы болған кезі. Басқаша айтқанда бір жағы Қарағанды Нұра, Ұлытау, екінші жағы Шыңғыс-Шаған, Аякөз, Алакөл, үшінші жағы Жетісу жағы, төртінші жағы Омбы. Осы екі ортада Арқаның кең даласын алып жатқан Қаракесек елі, Қаздауысты Қазыбек елі. Қарқаралы соның орталығы болған. Сонда қазақтың ақырғы ханы Жамантай /Тұрсын/ билеген. Сол Жамантайдың ісін басқарған ақылшы биі Машан Бәйтемірұлы болған. Жамантайдың бабасы Бөкей сол кездегі Тәшкенді билеп тұрған Барақ ханның баласы. Арқаның басты адамдары барып сол кісіден баласы Бөкейді Арқаның ханы сайлаймыз деп сұрап алып келген. Машанның бабасы Тоты сол Бөкеймен бірге келген нөкері, асыранды баласы, текті атадан болса керек. Бөкейді Арқаға ертіп келген нөкерлерінің көбісі кейін қайтады да Тоты бабасы Бөкейдікінде қалып қояды. Сол бойынша оны Қалмақ деп те атайды екен [2, 22 б.]. Сол күннен бері көп замандарды бастан бірге кешірген бабалар Құнанбайдың замандасы, сырлас досы, құрдасы болған. Машан бидің алған екі әйелі де тобықты руынан болған. Қазақтың басын қосқан Абылайдың кезінде Бөкей аға сұлтан екен, ол кісіден кейін Абылай тұқымынан бөлініп, қаракесек ханы Бөкей болған. Сол кездегі ел адамының басшысы Қазыбек нәсілі Алшынбай би болған. Қалың қаракесек Алшынбайдан сөз алмайды. Сол кісі кімді хан сайласа, сол болады да қояды. Екі төре келісе алмағанда /Жамантай мен Құсбек/ Алшынбай ақсақал өзінің құдасы, әрі ағайыны Құнанбайды рудың басы сайлаған. Қарқаралы мешіті сол кезде салынады. Оған Құнанбай басшылық етеді. Бірақ істің басында, Қарқаралының ежелгі қожалары Жамантай, Машан болады. Мешітті солардың адамдары салады. Демек, Қарқаралы мешітіне бұлардың да еңбектері бар. Төрелердің таласы кезінде Жамантай мен Құнанбай арасында жүрген, оларды татуластырған Машан би болса керек. Сол кезде Алшынбай, Жамантай, Құнанбай бас қосқан кезде Машанның ісіне разы болып: «Машан, Машандай ұл туғанша қашан» - деп айтса керек. Халық аузына тараған осы сөзді шежіреші Әрінов Ахметбек өзінің мақаласында келтірген. Бөкей тұқымы мен Абылай тұқымын жақындастыру мәселесінде Машанның үлкен ісі болған. Ол Алатаудағы Әлі төренің қызын Жамантайдың ұлына алып беріп, істі осымен тоқтатқан. Мұның бір жағы Кенесары жорығына ұласады. Жамантай елінен Кенеге қосылған атақты батыр Ағыбай Машанмен дос болған. Бұл мәселенің негізі Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында кеңінен айтылады [3, 21 б.]. Сол Ағыбайды Жамантаймен табыстыру ісінде Машан би көп еңбек сіңіреді.

Кешегі күнде Машан би халық үшін ақылымен, парасаттылығымен, тектілігімен еңбек еткен адам болса, бұл күнде оның немересі Ақжан әл-Машани де ата жолын қуып, тектілігімен халық үшін, ұрпақ үшін ерен еңбек еткен адам. Міне, сол себепті де әл-Машаниды «Тұлпардың тұяғы» дегенде не дейміз - деп жазады шежіреші Ахметбек Әрінов. І.Есенберлиннің Қарағанды қаласындағы мұрағат қорындағы мәліметте: «Патшаның әкімдерінен аға сұлтан Жамантай атына хат келеді. Ол хатта Кенесары көтерілісіне қарсы жәрдемге шақырған. Екінші жағынан Кенесары жағы да өзіне шақырады. Сол бір қысылтаяң кезде Жамантай оңаша Машан бимен көп ақылдасып, хат жазады. Патшаныңшылары осыны жеткізген. Яғни Жамантайдың билігі Машан биде болғандығында.» Сол хатта былай делінген: «Біз патшаға сыртқы істерімізді билеуге шарт жасадық. Бірақ, өзіміз сияқты сұлтандар көтеріліс шығарса, соған қарсы шығамыз деген шартымыз жоқ. Біз өз шартымыздамыз. Кенесарыға қосылмаймыз да, және оған қарсы да бармаймыз» [4, 96 б.]. Кенеге жазған хатта ел арасын аман сақтау үшін бітімге шақырған. Құсбек төре Кенеге

қосылуға шақырған. Бірақ, Сұлтанғазы мен Жамантайдан аса алмаған. Кененің қолы Балхаш жағасына қарай ойысып, Мойынды маңына келген кезде үш төреден сәлемдеме силық барған: Сұлтанғазыдан, Жамантайдан, Құсбектен. Кенесары Құсбектің сәлемін алып, анау екеуін мазалаймын деп қайырған. Алатаудан аман қайтар болса Кенесары екі төрені жазаламақшы екен. Содан қорыққан Жамантай төре сол қыста Қарқаралы қаласына жақын Қарағай ішіне қыстайды да өз мекені Қарақуыста Машан би қалады. Кенесары қолы тарап, Ағыбай елге келгенде оны ұлықтармен келістіру ісінде Машан би зор іс атқарған. Әлі мен Жамантай құдалығы осыған байланысты. Кененің туы жығылған соң елге оралған Ағыбай батыр жаралы жолбарыстай қатты ашулы еді. Кененің қырғызға қолға түскенін ордулат Сыпатай датқаның опасыздығынан болды деп білетін батыр, оның уақытысында бір шабатын ойы бар екенін жасырмады. Сыпатайдан Кененің кегін алу менің мойныма қарыз десе керек Ағыбай батыр. Соны естіген халық жорық қаупінің тағы төне бастағанын сезгендей. Мұның өзі қазақ арасын ұластырып жіберу қаупі бар. Оны сезген Жамантай төре Ағыбай батырмен тіл табысу мәселесін ойлады. Алатау төресі Әлі Абылай нәсілінен, оның өзі Жамантайдың нағашысы. Жамантайдың шешесі Жалханым Әліге жақын апа болып келеді. Әлі Кенені қолдаған адам. Бұл екі төренің арасында Ағыбай талай жүрген. Әлімен құда болса, Ағыбайдың бір тоқтайтын адамы сол болу керек. Осы ойды жүзеге асыру міндетін Жамантай төре Машан биге жүктейді. Машан би бұл істі ойдағыдай орындап шығады. Сонымен Әлінің қызы Зылиха ханым Жамантайға келін болып, Құлға қосылады. Осы құдалықта, келінді алуға барғанда ерте түскен қарлы қыстың әлегінен құдалар Әлі ауылында қыстай қалған. Жазғы тұры қайтарында Балхаштың мұзы жарылып, судан әрең шығады. Құдалардың ақсақалы Машан би сол жолы да халықтың игілігіне тынымды іс атқарады. Ағыбай батырды Қарқаралы ұлығына шақырады. Ондағы мақсат ел арасын бітістіру. Сол жолда Ағыбайдың қасында Жәндерке қажы мен Машан би болса керек. Ағыбай осы адамдарға сенеді де, Қарқаралыға келеді. Жолда жарлы бойында Ағыбай Машан ауылында қонақ болады. Жәндерке қарадан шыққан ел адамының бірі, Құсбек төренің нөкері. Сонымен, ел болып, Ағыбай батырды тоқтатады. Жәндерке ел ағасы болып, ұзақ өмір сүреді. Қарқаралыда Қоянды жәрмеңкесінде болады. Машан бимен достықтары өмір бойы қалады.

Машан бидің екі әйелінен алты ұлы болған. Алдажұман, Байжұман деген атақты бай інілері болған. Арқаның белгілі ақыны Шөже Машан би ауылына келгенде халық жиналып бір думандап қалады екен. Сондағы Шөженің алғашқы бір ауыз өлеңі ел аузында қалған:

Ассалаумағалайкум, О Машан!
Мен сені көрмегелі әлдеқашан.
Айналаңда О Машан алты ұлық,
Алдажұман, Байжұман қызыл гүлің.
Құдайым мал мен басты қатар берген.
О, Машан бұл жалғанда бар ма?- мінің!.

Машан бидің ақындар арасында екінші досы Шортанбай екен. Бұрын Жамантай төремен, Машан бимен бірге жүретін Шортанбай, Құсбек аға сұлтан болғанда соның қасына еріп кетеді. Кейін ол орнынан түсіп, аға сұлтандық қайтадан Жамантай төреге ауысқанда Шортанбай қожа сасыңқырайды да Машан биге келіп, Жамантай ауылына ертіп баруды сұрайды. Келіп сәлем бергенде Жамантай төре сөйле ақыным деп зілдене айтады. Сондағы Шортанбайдың бір ауыз өлеңі халық ауызында қалған:

«Сөйле десең, сөйлейін мен Шортанбай,
Әрбір ханның түсінде бір сұрқылтай.
Кешегі Құсбек ханның заманында
Мен түгіл өзің қайттың хан Жамантай».

Демек, қорыққаннан ердім дегені ғой. «Сұрқылтай» деген сөз ескі түркі тілінде балгер, жыршы, Абыз деген мағынада болса керек. Жамантайдың үш биі болса керек.

Сағындық биін даулар мәселесіне жібереді екен. Жауласатын адамына кер азу қиқар Ералы биін жұмсайды екен. Ал, жарасып, достасып, бітісер жерге келгенде Машан биді жұмсайды екен. Осындай, қазақ қоғамымен біте кайнасып келе жатқан дана билер біздің тарихымызда аса маңызды орын алары даусыз.

Машан бидің үлкен ұлы Нөгербек интернатта Әлихан Бөкейхановпен бірге оқыған. Нөгербек әрі қарай оқи алмай қалған. Өте зерек, шешен, ақын адам болған, өз бетімен көп оқыған. Әлихан ол кісімен кейін кездескенде: «Ай Нөгербек - оқымай қалғаның-ай, сен бәрімізден зерек едің ғой» - деп тағдырға назаланғандай кейіп көрсетсе керек. Нөгербек Абай өлеңдерін көп оқитын, оны халық арасына тарататын адамның бірі. Кейінгі кезде ол кісі Шәкәрім өлеңдерін көп оқып, көп насихаттаған. Өзі де соған еліктеп өлеңдер жазған. Сол кісінің арқасында біздер ауылда Шәкәрім өлеңдерін жыл сайын, баспаға шыққанын да, шықпағанын оқитын болдық - деп еске алады екен Ақжан ата. Оның себебі, Нөгербек Шәкәріммен таныс құрдас болған. Шәкәрімнің жинақтарының бір томдығын Академияның кітапхана қорына өзі тапсырған-деп еске алады Ақжан әл-Машани. Кейін, Шәкәрім ұлы Ақаттың маған жазған хаты сол ертеден келе жатқан рухани байланысты еске алудан болса керек. Ахат осы Алматы маңында мұғалім болған, мектеп директоры болған Шәкәрім Мұхтарұлы - Нөгербектің немересі еді. Демек, Нөгербек өзінің 1919 жылы туған немересіне Шәкәрімнің атын қойған ғой - деп отыратын Ақжан ата өскен ортасының берген тәліміне тәнтілігін танытқандай күй кешіп, сол Машан би мен Құнанбай арасындағы достық - сүйектік байланыс осы күнге дейін үзілмей келеді. Оған Машан би немересі Ақжан әл-Машанидің «әл-Фараби және Абай» зерттеуіндегі ғұламаның әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланысына арналған ғылыми еңбегі куә. Осылардың бәрін еске ала отырып, Машан би жайындағы ойымызды түйіндегенде: «Машан! Машандай ұл туғанша қашан!» - деп Қарқаралы еліне кеңінен тараған мақалдың қорытындысы: асылдың сынығындай делінетін Ақжан әл-Машани есімді Машан би ұрпағының азаматтық ісі сол сөздің болмыстық дәлеліндей.

Машан би 85 жасында дүние салады. Ол кісіге 1888 жылы Қараби (Жекежал) деген жерде ас берілген. Астың жер ошағы сегіз шарбақты болған дейді. Сол аста ол кісіні еске алған тұстас ақсақалдар аузынан мынадай сөз қалыпты: «Машанның жоқтауын жеткізе алмайсыңдар... Жігіт сегіз қырлы болсын, дейді ғой....., ал Машан он екі қырлы еді» [5,8 б.]. Осы сөзді құлағымен естіген Жақсыбек - Ақжан атаның әкесі Машанның кенже ұлы сол кезде 17-18 жаста екен. Бұл кісі домбыраны жақсы тартатын күйші, ақылды адам еді - деп әке құрдастарынан естіген Ақжан әл-Машанидің өзі де көзі тірісінде-ақ заманымыздың әл-Фарабиі атанған ғұлама, энциклопедиялық ойдың алыбы сол Машан бидің өскен ортасының өркенді ұланы да бүгіндері ел есінде мәңгі сақталуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
2. Машанов.А. Ж. Әл-Фараби. Жазушы баспасы, Алматы. 1970 жыл. 259 б.
3. Машанов А. Ж. Әл-Фараби. Жазушы баспасы. Алматы. 1970 жыл. Б. 233-239
4. Өтениязов С. Қазақ еліндегі билер институтының тағдыры// Әділет министрлігінің хабаршысы. 1996. №5. Б. 49-53
5. Тарихи тұлғалар. Алматы, 2009. 137 б.